



030018, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы,  
Ақжар 2, Қ.Мұхамедханов 20  
тел/факс: 8 (7132) 44-33-02

030018, Актюбинская область, город Актюбе,  
Ақжар 2, К.Мухамедханова 20  
тел/факс: 8 (7132) 44-33-02

## БҰЙРЫҚ № 14 н/қ

«02» қыркүйек 2025 ж.  
Ақтөбе қаласы

**«2025-2026 оқу жылында мектеп  
оқушыларын ыстық тамақпен  
қамтуды ұйымдастыру туралы»**

Мектепте оқушыларды ыстық тамақпен қамту және оны тиімді ұйымдастыру мақсатында  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025-2026 оқу жылында білім алушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру мақсатында 5-11 сынып жетекшілері мен олардың ата-аналары арасында ұйымдастыру, түсінік жұмыстары жүргізілсін.

2. Бюджеттен бөлінген қаражат есебінен 5-11 сынып бойынша аз қамтылған отбасы білім алушысына тегін ыстық тамақ, бекітілген аз мазіріне сәйкес ұйымдастырылсын.

3. білім алушылардың ыстық тамақ және қоғамдық тамақпен қамтылу кестесі № 1 қосымшаға сәйкес құрылсын:

4.Қазақстан Республикасы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау агенттігінің Ақтөбе облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің Ақтөбе қалалық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасымен келісілген ас мәзірге сай дәмді әрі сапалы дайындалуын қадағалау, шығымын күнделікті тексеру мектеп медбикесі К.Сейітоваға тапсырылсын.

5. Тамақтану залында бекітілген мәзірдің күн сайын ілінуі, тамақтың ассортимент тізбесі мен сапасы, бағасының нормаға сәйкестігі асхананы жалға алушы «Бабакулов» ЖК-ге міндеттелсін.

6. Асхананы қажетті құралдармен қамту жұмыстары мектеп директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары А.Карамановаға тапсырылсын.

7. 1-4 сынып білім алушысына ыстық тамақ беруге бөлінген қаржының мерзімінде игерілуі бас есепші Ш.Сыдыковаға тапсырылсын.

8. 1-4 сынып білім алушысыларын 100 % ыстық тамақпен қамтамасыз ету және осы бағыттағы жұмыстарды бір жүйеге келтіру бастауыш сынып мұғалімдеріне тапсырылсын.

9. Мектептегі 5-11 сынып білім алушылары және аз қамтылған отбасы балаларын тегін ыстық тамақпен қамту барысын, ас мәзірінің сапасын бақылау әлеуметтік педагог Д.Т. Туретоваға тапсырылсын.

10. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары С.Махашова міндеттелсін.

Мектеп директоры  Н.Ж.Байниязова

